



Алақөл

Газет 1935 жылғы қазан айынан шығады

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Районная общественно-политическая газета

№28 (8063) 08. 07. 2023.
Сенбі / Суббота

Аудан әкімі А.Абдиновтың Астана қаласының 25 жылдық мерейтойымен ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті Алақөл ауданының тұрғындары!

Баршаңызды Тәуелсіз Қазақстанның орталығы – Астана қаласының 25 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

Уақыт озған сайын Астана қаласының маңыздылығы артып, бүкіл қазақстандықтардың асыға күтетін мерекесіне айналды.

Еңселі Астанамыз ең қысқа мерзім ішінде салынып, елдің қарышты дамуының нышанына, жаһандық сәулет өнеріндегі бірден-бір қайталанбас «Ғасыр жобасына» айналды. Осы жылдар ішінде халықаралық бейбітшілікті сақтаудың ордасы болды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Астананы көшіру идеясы елді біріктіруші факторға айналды. Жаңа астанамыз әлемде бейбітсүйгіш қала ретінде ЮНЕСКО-ның арнайы бағасына ие болды» деп атап өтті.

Жаңа Астана қастерлі Тәуелсіздіктің және Қазақстан халқының жасампаз энергиясының символына айналды. Серпінді дамудың сапалық көрсеткіштері ауқымды құрылыс көлемімен, халықтың өсу қарқынымен, ірі әлеуметтік-экономикалық және мәдени-білім беру кластеріне айналуымен расталады.

Жаһан назарындағы Астананың дара дамуы қазақстандықтардың ой-өрісі мен өмірінің жаңа белесін қалыптастыруға мүмкіндік берді. Жас қалада жастардың өзін-өзі жетілдіруі, көшбасшылардың жаңа буынын тәрбиелеу, азаматтардың рухани жаңғыруы үшін барлық жағдай жасалған.

Астана - жастар қаласының мерейлі мерекесін алақөлдiктер да лайықты табыстармен қарсы алып келеді. Жас қалаға қарап бой түзеген, біздің ауданымыз да жыл сайын өркендеп, экономиканың барлық салаларында даму көрсеткіштері сақталуда. Ең бастысы – аймақта тұрақтылық, түсіністік пен азаматтық, достық келісім бар. Бұл біздің басты жетістігіміз деп білемін.

Қадірменді ағайын!

Қазақстанның Астанасы – қарыштап дамыған мемлекеттің, Мәңгілік Елдің символы.

Қазақ елінің жүрегі мәңгі соғып, бас қаласы одан әрі гүлдене берсін!

Баршаңызды Астана қаласының 25 жылдық мерейлі мерекесімен құттықтай отырып, зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, елімізге береке-бірлік пен татулық тілеймін!

ПОЗДРАВЛЕНИЕ акима района А. Абдинова с 25-летним юбилеем города Астаны

Уважаемые жители района!

От чистого сердца поздравляю всех с 25-летним юбилеем центра Независимого Казахстана - города Астаны!

Со временем этот праздник приобрел большое значение и стал долгожданным праздником не только для жителей столицы, но и для всех казахстанцев.

Наша столица была построена в кратчайшие сроки и стала символом стремительного развития страны, единственным уникальным «проектом века» в мировой архитектуре. С годами он стал центром международного мира.

Глава государства Касым-Жомарт Тоқаев отметил, что «идея переноса столицы стала объединяющим фактором страны. Новая столица получила особую оценку ЮНЕСКО как мирный город в мире».

Новая столица стала символом заветной независимости и созидательной энергии народа Казахстана. Качественные показатели динамичного развития подтверждаются объемами масштабного строительства, прироста населения, преобразованием в крупный социально-экономический и культурно-образовательный кластер.

Индивидуальное развитие столицы позволило сформировать новое измерение мышления и жизни казахстанцев. В молодом городе созданы все условия для самосовершенствования молодежи, воспитания нового поколения лидеров, духовного обновления граждан.

Юбилейный праздник Астаны - города молодых встречают и алакольцы с большими успехами. Наш район с каждым годом растет, сохраняются показатели развития во всех отраслях экономики. Главное - стабильность, взаимопонимание, гражданское и дружеское согласие в регионе. Я считаю, что это - наше главное достижение.

Уважаемые алакольцы!

Столица Казахстана - процветающее государство и символ «Мәңгілік Ел».

Пусть сердце казахского народа бьется вечно, а столица продолжает расти и процветать!

Поздравляя всех с 25-летним юбилеем города Астаны, желаю крепкого здоровья, благополучия вашим семьям и процветания нашему государству!

БАҚ қызметкерлерін құттықтады

Әділетті Қазақстанды құру үшін қоғамда құндылықтар жүйесін жаңғыртып, ұлттың жаңа сапасын қалыптастырудың мән-мағынасы зор. Бұл бағытта еңбекқорлық пен білімпаздықты, адал азаматқа тән қасиеттерді дәріптейтін масс-медиа өкілдері айрықша рөл атқарады. Бұқаралық ақпарат құралдары азаматтық диалог жүргізудің ашық алаңына айналып, мемлекет пен қоғамның өзара байланысын нығайтуға зор үлес қосып келеді.

Осыған орай, аудан әкімі А.Абдиновтың бұқаралық ақпарат құралдарын салтанатты қабылдауы өтті. «Отандық медиа саласы қаламы жүйрік, ойы ұшқыр тілшілер қауымының кәсіби біліктілігі мен күнделікті тынымсыз еңбегінің арқасында дамып келеді. Журналистер – өз ісінің хас шеберлері ғана емес, азаматтық ұстанымы берік патриоттар деп білемін», - дейді аудан әкімі.

Салтанатты қабылдауда ауданымыздың ақпараттық дамуына үлес қосып жүрген бұқаралық



ақпарат саласының қызметкерлерін жылы лебіздерімен құттықтай отырып, «Алақөл» газетінің тілшілері А.Сүлеймен Құрмет грамотасымен және Ж.Күмпейісова Алғыс хатпен марапатталды.

Ауданның өркендеуі және жарқын болашағы жолында атқарып келе жатқан қызметтеріңіз абыройлы да берекелі бола берсін.

А.МҰРАТ,
аудан әкімінің баспасөз хатшысы.

Домбыра күні аталып өтті



Ұлттық дәстүр, ұлттық өнер қазақ халқының қасиетіндей сақтайтын генетикалық коды. Неше жылдан бері мемлекетіміз киелі домбырамызға арнайы күн белгілеп, жыл сайын дәстүрлі түрде кең көлемде тойланып келеді. Бұл ұлттың ұлт болып қалыптасуының басты қағидасы.

Осы тұста, Ұлттық домбыра күніне орай «Домбыра – асыл

мұра» атты мерекелік шара өтті. Алғы сөзді З.Қойшыбаева атындағы аудандық мәдениет үйінің директоры О.Смағұлов алып, қазақтың киелі ұлттық домбырасы күнімен құттықтап, ізгі тілегін жеткізді.

Мерекелік шара барысында балалар шығармашылығы орталығының домбыра оркестрінің, аудандық мәдениет үйі өнерпаз-

дарынан құралған домбырашыларының, «Атамұра» фольклорлы ансамблінің концерттік бағдарламалары ұсынылды.

Сондай-ақ мерекеге қатысқан барлық өнерпаздар аудан әкімінің орынбасары М.Төлеужановтың алғыс хатымен марапатталды.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.



Бас қалам, бақ қалам

Әр елдің бас қаласы саналатын жер халықтың ең бір қастерлі өңірі болатыны сөзсіз. Ел астанасы ел тағдыры шешілетін маңызды мәселелер қаралып, шешім қабылданатын жер. Алтайдан Атырауға дейін, теріскей беттегі Баянауыл, солтүстіктен күнгейдегі Сыр елі, оңтүстікке дейін созылған ұлан-ғайыр даланың адамын біріктіретін сол орталық – Елорда. Тәй-тәй басып, аяққа тұрған Астана қарыштап дамып келеді. Бұл сөзді біз жиырма жыл бұрын да айтқанбыз. Қазір де айтамыз. Себебі дамуы тоқтатқан емес. Бір орында тұрған су саясық дейді. Заман ағымына сай өзгеріп, әлемдік архитектурада өз орнын алатындай ғимараттар салынып, көркіне көз тоймайтын сұлу қалаға айналып келеді. Күллі қазақ елі үміт артқан депутаттары да, үкімет мүшелері мен ел Президенті де осы қалада. Ел астанасы болған соң ба, халық саны да жыл санап артып, қазақ елі осы өлкеге орнығуға кіріскен. Алматыдан соң миллион тұрғыны бар қала межесін кескен осы Астана еді.

Біздің дәуіріміздің XI-XIII ғасырларында Арқада қыпшақ тайпалары көшіп-қонып жүрген. Өткен ғасырда археологтар Ақмола жерінен көне қаланың орнын тапты. Бозақ – қазіргі Астанадан небәрі 15 шақырым жерде. Қалашық X-XIII ғасырларда гүлденіп, Жібек жолы бойындағы сауда орталықтарының біріне айналған. Сондай-ақ Бозақ қыпшақ билеушілерінің елордасы болған. Демек Астананың Арқаға көшуі де кездейсоқтық емес. Тарих қайталанары деген тәміс бар. Сол астана бүгін тағы бас қалаға айналып отыр.

Астана – бұл кең даладағы жай қала ғана емес, саяси ерік-жігер көрінісінің нышаны. Бұл саяси батыл қадам. Астана шаңырағы әлі де болса биіктей түспек. Жаңа астананың келешегі бүтіндей XXI ғасырдың еншісінде жатыр. Ал оның ертеңгі еңсесін көтеретін бүгінгі жас жеткіншектеріміз. Отанымыздың құретамырына қан жүгірететін, жан бітіретін сәулетті, қуатты орданың дүниеге келуі, әлбетте, барша жақсылықтардың игіліктердің шоғырлануы. Сөздікке жүгініп, парсы түбірінен қазақша түсінігін іздейтін болсақ, астана – табалдырық, босаға, кіре беріс, сарайдың қақпасы, салтанатты орда есігі деген ұғымдарды білдіреді. Парсыша үндестігі астан (асетан) деп келеді. Келе-келе қазақта жұрт бас қосар орын, халық жиналып ақылдасар жер, ел ағалары байлам-бәтуа айтар орталық мәніне ие болғанға ұқсайды.

Өйткені Махамбет ақынның: Астана жұртын айналған, Атына тұрман болсам деп, Жұртына құрбан босам деп, – келетін Исатайды арқаландырар жырында астана деп ауыл-аймақ, ел-жұртын айтқан.

Астана қазақ үшін өз жері. Әр елді мекенде өз жергілікті жұрты болады, әркім өз жерін туған жерім деп қастерлейді. Ал Астана ортақ қала. Ол әр қазақтың туған жері, қазақтың қаны мен тері сіңген жер. Елдің туы сақталған жер. Басшы ордасы құрылған мекен. Ауасына ел үміті сіңген, қабырғаларынан қара халықтың тері сорғалаған. Ал осындай мекен мәңгі жасау керек!

А.ӘБИТҰЛЫ.

Астана – мемлекеттің абыройы

6-шілде – біздің еліміздегі елеулі күндердің бірі. Бұл – әсем Астананың туған күні. Астана мерейтойы — еліміздің маңызды жалпыұлттық мейрамы.

1997 жылдың 10 желтоқсанынан бастап Ақмола қаласы Қазақстан Республикасының астанасы болып жарияланды. 1998 жылы 6 мамырда Ақмола атауы «Астана» болып өзгертілді. Ақмола қаласының Қазақстан Республикасының астанасы ретінде ресми тұсаукесері 1998 жылдың 10 маусымында өткізілді.

Бүгінде жас қала Астана мәдени дамуының жаңа сәулеттенуінің үлгісіне айналды. Астана күн санап жаңарып, жайқалып келеді. Ортасын қақ жарып өтіп жатқан Есіл өзені тіршілігіміздің күре тамыры іспетті. Біз елордамыз арқылы мақтанамыз. Биыл Астананың 25-ші мерейлі тойы аталып өтуде. Бас қаламыздың өсіп-өркендеуі мемлекетіміздің абыройы. Аз уақыт ішінде сыртқы келбетіне ішкі сұлулығы үйлесіп, қанат жайып, сырттан келгенді де, іштен барғанды да тамсандыратын ғажайып қалаға айналды.

Астана қазақ елінің алтын тәжі, рух пен иманның құретамыры, жаңалықты құбылыстар мен жақсылықтың ұясы. Бас қаламыз – тәуелсіздік перзенті. Ол – жаңа

әлемдегі Қазақстанның жарқын бейнесі. Астана арқылы Қазақстан өзінің жаңа отауын тікті. Оның болмысына бүкіл қазақ елінің рухы сыйып тұр. Оны қаланың әрбір көшесінен, әрбір бұрышынан көруге болады. Астана әлемдік сәулет өнерінің соңғы туындыларының бірі.

Кең даланың қақ ортасында сағымдай болған Хан шатыры, Астана-Бәйтегерек, Пирамида көгілдір түске боянған сарайлары, музыка әуеніне билеген су бұрқақтары және соңғы үлгідегі салынған кеңселер мен көздің жауын алатын тұрғын үйлер – сәулет өнеріндегі үздік туындылардың бірігейі. Осының барлығы санаулы жылдар ішінде бой көтеріп, әлемді аузына қаратты. Астана ЮНЕСКО-ның «Бейбітшілік қаласы» сыйлығын да иеленді.

Тарихы мен табиғаты, сәулеті мен бүкіл тіршілігі дара, ғажап үлгілі, күйіміздің күмбірі, тарихымыздың түндігі, көңіліміздің жыр-гүлі жас қала Астананың күн сайын еңсесі биіктеген қалаға айналуы өзімізді сүйсіндіріп, әлем жұртын көркімен тамсандыруда. Уақыттан оза шапқан бүгінгі Астана — еліміздің ертеңге деген үкілі үміті мен сенімнің көрінісі, арманы мен тілегінің кепілі.

Ж.КҮМПЕЙІСОВА.



Біле Жүріңіз (Астана жайлы қызықты деректер)

Елордамыздың 25 жылдығына орай оқырмандарымызға Елордамыз жайлы бірнеше қызықты мәліметтерді ұсынып отырмыз. Бас қаламыздың ширек ғасырлық ғұмырында көптеген елеулі дүниелер орын алған.

1. 2012 жылы елордамыз ТМД мен Түркі әлемінің астанасы болып жарияланды.

2. Елордадағы ең ескі ғимаратқа 174 жыл болған. Ол – Сәкен Сейфуллиннің музейі. Оның негізі сонау 1846 жылы қаланған екен.

3. Астанадағы «Думан» ойын-сауық орталығындағы мұхитарал – Гиннестің рекордтар кітабына енген. Әлемдегі көк мұхиттан 3000 шақырым қашықтықта салынған кешенге 120 тонна теңіз тұзы қолданылған. Дүние жүзінің түкпір-түкпірінен екі мыңға жуық теңіз жәндіктері әкелінген.

4. Астана қаласы – әлемдегі Ұлан-Батордан кейінгі екінші суық қала болып саналады. Тіпті, елордамыз Канаданың

Оттавасын да суықтығымен басып озыпты.

5. Астананың рухани тұрғыдан тағы бір мақтан тұтатын орны – қаланың орталығында орналасқан Ұлттық академиялық кітапхана. Ең үлкен кітапханалардың бірі болып саналатын орталықта 2,5 млн-нан астам кітап қоры бар.

6. Қаладағы ең қысқа көшенің ұзындығы 358,7 метр ғана. Ол Біржан салдың атымен аталады (ескі атауы – Вокзальная).

7. Елордада ұзыннан-ұзын созылып жатқан ғимарат бар. Оның ұзындығы екі шақырымға дейін жетеді. Ол – Министрліктер үйі.

8. Астана қаласының миллионыншы тұрғыны 2016 жылдың 4 шілдесінде дүниеге келді. Ол жас отбасы Олжас пен Арайлымның шаңырағында туған Саида Мұхамедияр.

9. Астанамыздың алып жатқан аумағы 800 шаршы шақырымды құрайды. Ол Бахрейн, Андорра, Кирибита секілді мемлекеттердің жер көлемінен де үлкен.

10. «Астана Опера» – орталық Азиядағы ең үлкен театр. Оның басты залы 1250 орынға арналған, партеріне 450 көрермен сияды.

11. Бейбітшілік және келісім сарайын салуға екі мыңға жуық түрлі ұлт өкілдері атсалысқан.

12. «Әзірет Сұлтан» – Орталық Азиядағы ең әдемі әрі ең зәулім мешіт. Екі жыл ішінде салынып біткен мешіттің құрылысын Түркияның «Сембол Иншаат» компаниясы жүргізген. Мешіттің жалпы құрылыс аумағы 18 мың шаршы метрді құрайды.

13. 2003 жылы «Moody's Investors Service» әлемдік рей-

тинг агенттігі Астананы әлемнің ең үздік 30 қаласының тізіміне қосты.

14. «Ханшатыр» ойын-сауық орталығы шатыр формасындағы ең үлкен ғимарат ретінде Гиннестің рекордтар кітабына кірген. Оның биіктігі – 150 метр.

15. Қазақстандағы ең үлкен ту Астанада орналасқан. Оның көлемі – 15x30 метр. Ту 111 метрлік биіктікте тұрғандықтан, қаланың кез келген жерінен көзге ілінеді.

16. Елордалықтардың орташа жасы – 30 жас. Бұл қалада жастар көп.

17. Құранның ежелгі қолжазбасының көшірмесі бас қаладағы Әзірет Сұлтан мешітінде сақтаулы тұр. Бұл ежелгі ислам қолжазбасы (VIII ғасыр) Ресейде таза күмістен дайындалған екен.

18. Қазіргі Астана орнындағы алғашқы қоныстар қола дәуіріне жатады.

19. Астанада жыл өткен сайын күн жылынады. Орташа жылдық температура әр 10 жылда орта есеппен 0,4 градусқа көтеріледі.

20. Қазақстан астанасының туы мен Елтаңбасы Астана нақты елорда болғаннан кейін 11 жыл өткен соң, 2008 жылы ғана бекітілді.

21. Астана Аренада 10 000 шаршы метрді құрайтын жылжымалы шатыр жүйесі бар. Бұл әлемдегі осындай алты құрылымның бірі.

22. Жергілікті Бейбітшілік және келісім сарайында тігінен жоғары емес, бұрышпен көтерілетін бірегей лифттер орнатылған. 60 градус. Дүние жүзіндегі басқа екі ғимаратта ғана осыған ұқсас құрылымдар бар, соның ішінде Эйфель мұнарасы.

Өз тілшіміз.



ЗАҢ АЯСЫНДА

«Бизнеске жол» жобасы аясында Жетісу облысы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі жаңа талаптарға сәйкес кәсіпкерлермен электрмен жабдықтау шарттарын қайта жасамау фактілерін анықтады.

Атап айтқанда, 2020 жылы Энергетика министрінің бұйрығына түзетулер енгізілді, онда үлгілік шарттан электр энергиясы үшін төленбеген жағдайда өсімпұл салу туралы талап алынып тасталды, сондай-ақ оны беруді тоқтату бойынша тұтынушыны хабардар ету мерзімі 3 күннен 5 күнге дейін ұлғайтылды.

Бизнес субъектілерінің жағдайын жақсартатын жаңа түзетулерге сәйкес шарттарды келтіру жөнінде шаралар қолданбау сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін туғызды.

Департаментпен «Жетісу Энерготрейд» ЖШС-мен бірлесіп бұл мәселе реттелді, бүгінгі таңда 6933 кәсіпкермен жасалған шарттар жаңа талаптарға сәйкес қайта жасалды.

Облыстық сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет департаменті.

Депутат - халық аманатын арқалаған тұлға



Халық қалаулысы болып, билікпен бұқара арасында көпір болып, аманатын жеткізу үлкен жауапкершілікті қажет еді. Сонымен қатар «Жаңа Қазақстан» жағдайында депутаттарға қойылар талаптар күшейтілген. Осы орайда мәслихат депутаттарының жұмысына жаңа леп беруде «Аманат» фракциясының барлық өңірлердегі депутаттары Астанамыздағы форумда жиналып, ауқымы кең шара ұйымдастырылды.

Партия төрағасы Ерлан Қо-

шанов атап өткендей, депутаттар партияның жергілікті жердегі өкілі және өңірдегі саясатқа ықпал етіп, мойындарымыздағы жүк жеңіл емесін атап өтті.

Расымен, осындай форумдар арқылы билік пен партия арасындағы байланысты күшейтіп, баршаға ортақ шешім қабылдауға ықпал етеді. Ол шешім ең бастысы халық игілігі үшін іске асуы керек. Аманат жүгін жауапкершілікпен атқарайық.

«AMANAT» партиясының аудандық филиалы.



Құқықтары қорғалды

Алақөл ауданының прокуратурасы 2 жарты жылдықта 738 жеке кәсіпкердің заңды құқықтарын қорғады.

Кәсіпкерлік кодекстің талаптарына сәйкес, нұсқама мен ауыртпалық мемлекеттік бақылау органымен тексеру жұмыстары жүргізілгеннен кейін қойылады.

Атап айтатын болсақ, Жетісу облысының жер ресурстары басқару департаментімен 738 жеке кәсіпкерлердің жер телімін мақсаты бойынша пайдаланбағаны үшін нұсқама мен ауыртпалықтарды тексеру жүргізусіз қойғанын анықтап, прокурорлық қадағалау актісін енгізді.

Қадағалау актісінің нәтижесімен 738 жеке кәсіпкерлердің жер телімдеріне заңсыз қойылған нұсқама мен ауыртпалықтар жойылды.

Сонымен қатар жеке кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау мақсатында жұмыстар одан әрі жалғасуда.

Алақөл ауданының прокуратурасы.

Өзгерістер енгізілді

Құқықтық статистика органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызмет алу тәртібіндегі оң өзгерістер енгізілгенін хабарлайды

Құқықтық статистика органдарымен мемлекеттік қызметтің 3 түрі көрсетіледі: соттылықтың болуы туралы анықтама, мұрағаттық анықтама және прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою туралы анықтама беру.

Мемлекет Басшысының мемлекеттік қызметті электрондық форматқа көшіру бойынша тапсырмасын іске асыру шеңберінде Комитет мемлекеттік қызметтің үш түрін автоматтандыру және оңтайландыру жөнінде бірқатар іс-шаралар жүргізді.

Сонымен «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру» мемлекеттік қызмет толық автоматтандырылды.

Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижесін беру www.egov.kz «Электрондық үкімет» веб-порталы (әрі қарай – портал) арқылы альтернативті түрде, сонымен бірге анықтаманы қағаз үлгісінде алу қажет болған жағдайда Мемлекеттік корпорация арқылы жүзеге асырылады.

Сонымен бірге қызметтерді оңтайландыру шеңберінде азаматтарға жылжымалы жүйенің абоненттік қондырғысы арқылы, яғни eGov порталының мобиль-

дік қосымшасы арқылы электрондық анықтама алу мүмкіндігі берілген.

Азаматтарға арналған жаңа енгізулердің бірі - Мемлекеттік корпорация филиалының мекенжайын таңдаумен шетелге шығу үшін анықтама алуға электрондық сұрау беру мүмкіндігі ол жерде қағаз түрінде жауап алуға болады. Бұрындары Мемлекеттік корпорацияға міндетті бара отыра қағаз нұсқасын ғана жіберу мүмкін болатын.

Электрондық анықтаманы «EgovKzBot» Telegram-боты көмегімен алуға болады.

Анықтама алу үшін «Мобильді азаматтар базасына» (МАБ) тіркелу қажет. Бұл үшін eGov.kz порталында Жеке кабинетке өзінің деректерін енгізу керек.

Анықтама алу үшін Telegram мессенджерді көшіру керек, «EgovKzBot» іздеу жолына енгізу, енгізу/қайта енгізу. Әрі қарай «Қызметтер» бағанында «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру» атты сервисті таңдау, содан кейін азаматқа растау коды көрсетілген

SMS – хабарлама келеді, кодты енгізгеннен кейін соттылықтың болуы немесе болмауы туралы ақпарат берілетін болады.

Сондай-ақ порталда электрондық анықтаманы ЭЦҚ қоймай-ақ «Бір реттік SMS паролінің сервисінің» көмегімен алуға болады.

Сонымен қатар порталда «Үшінші тұлғалармен анықтама алу сервисі» жүзеге асырылған. Енді жұмыс берушілердің өздері онлайн қызметін қолдана отыра «жеке кабинет» және (немесе) sms-растау арқылы сұрау жіберілетін адамға қатысты, адамдардың келісім шарты болған кезде басқа адамдарға қатысты соттылықтың болуы немесе болмауы туралы электрондық сұрау жібере алады.

Осындай қызметті алудың негізгі шарты МАБ-қа тіркеу болып табылады. МАБ-қа тіркелу үшін қызмет алушыға порталдағы «жеке кабинетте» «телефон» деген бағанда телефон нөмірін көрсету керек немесе оны ЖСН-ді Мемлекеттік корпорацияның кез келген фронт-офисіне тіркеу

қажет.

«Комитеттің және оның аумақтық бақсармаларының мұрағаттары шеңберінде мұрағаттық анықтамаларды және/немесе мұрағаттық құжат көшірмелерін беру» мемлекеттік қызметі ішінара автоматтандырылған.

Қызмет алуға үшін электрондық сауалдарды жіберу сервисі портал арқылы іске қосылды. Қазіргі уақытта қызметті портал арқылы немесе Мемлекеттік корпорация арқылы тапсыруға болады. Қызметтің нәтижелерін Мемлекеттік корпорациясы арқылы ғана алуға болады. Қызмет көрсету мерзімі 30 күнтізбелік күннен 10 күнтізбелік күнге дейін қысқартылған.

«Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік қызметі автоматтандырылмаған, ол Мемлекеттік корпорация арқылы қағаз түрінде көрсетіледі. Қызмет көрсету мерзімі 5 жұмыс күні. Прокуратура органдарынан шығатын апостиль қоятын құжат-

тардың 99% есепке ала отыра, соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтаманы құрайды, мынадай мүмкіндік іске асырылады:

- композиттік қызметке электрондық өтініш беру – соттылықтың болуы немесе болмауы туралы апостиль қойылған анықтама;

- мемлекеттік бажды онлайн режимінде электрондық үкіметтің төлем шлюзі (ЭУ ТШ) арқылы төлеу;

- қызмет алушының филиалдың мекенжайын порталда таңдау.

Қызметтердің нәтижелерін қағаз түрінде алу үшін қызмет көрсететін Мемлекеттік корпорациялар.

Комитеттің қызметін электрондық форматқа 100% көшіру мақсатында, ҚР ӘМ «Е-Апостиль» сервисін іске асыру шеңберінде апостильдендіру бойынша қызметтерді электрондық форматқа толық көшіру жұмысы жүргізілуде.

Т.ОМАРХАНОВ,

ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің

Жетісу облысы бойынша басқармасының қылмыстық саладағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру прокуроры.

Строительство

Растут этажи дома, меняется облик школы



и сдача запланирована на IV квартал текущего года. Здание из монолитного бетона и строители, их в настоящее время 32 человека, работают по блокам. На первых двух строительно – монтажные работы ведутся уже

на третьем этаже, рядом - на втором. Имеется вся необходимая техника: фронтальный погрузчик, кран; с расположенного рядом собственного бетонно - растворного узла, по графику, «миксеры» доставляют на строительную

площадку бетон. По словам начальника участка Исатая Кулабаева все работы идут строго по графику.

Средняя школа №1 (бывшая Ленина) в городе Ушарал построена и введена в эксплуатацию в далеком 1967 году. И вот наконец-то пришла пора провести ее капитальный ремонт, который обойдется государству в 1 млрд. 015 млн. тенге.

Тендер на ремонт выиграло ТОО «Нур-Шапағат-Құрылыс» из Талдықорғана. Фирма специализируется на капитальном строительстве, капитальном ремонте и реконструкции важных объектов.

К работам здесь приступили 19 апреля. Провели демонтаж оконных и дверных блоков, полов, крыши, сняли старую штукатурку и т.д. К настоящему времени говорит мастер участка

Ж. Мамеров полностью завершены кровельные работы, проведена замена водопровода, всего электротехнического оборудования, со дня на день будет решен вопрос с ремонтом канализации.

Сейчас ведется монтаж каркаса для усиления стен, проводятся другие работы. К ним привлечено 43 строителя. В их распоряжении кран, экскаватор, «Амкадор», манипулятор, две автомашины «КамАЗ». В полном объеме обеспечены и строительными материалами. Главная задача ТОО – строить быстро и качественно. Ведь школу нужно сдать к началу нового учебного года, чтобы более 1000 детей 1 сентября сели за парты в действительно новом учебном заведении.

Вот и получается, что лето – для школьников пора каникул, а вот для строителей – «горячая» пора напряженной работы. С каждым днем меняется облик школы в районном центре, растут этажи современного жилого дома.

В. ВОРОБЬЕВ.

На снимках: трехэтажное здание в «лесах» - это школа. Два других – жилой дом.

Проект «Ауыл – ел бесігі»

Современный ФОК готовится к сдаче в ауле Булакты

сом, различными видами борьбы и тренажерный. Последний планируется оснастить самыми современными и многофункциональными снарядами. Имеется несколько раздевалок и комнат отдыха. Дополнительно, рядом со зданием, завершается строительство мини-футбольного поля с искусственным покрытием. Возводится еще один тренажерный комплекс для занятий на свежем воздухе.

По информации начальника участка Ергазы Кокумбекова на 25 мая готовность объекта составляет 92 процента. То есть строительно – монтажные и отделочные работы ведутся строго по графику, без всякого отставания. Имеются все необходимые строительные материалы, в которых доля отечественных превышает 75 процентов, необходимая техника («Амкадор», каток, бетономешалки и т.д.). Так, что фронт работ для специалистов, а сегодня на ФОКе трудятся 32 человека, обеспечен. Можно назвать и лучших. Это механизатор Еркем Тунгатаров и штукатур – маляр Жандос Мукашев.

Строители работают по четко составленному плану. Одни занимаются внутренней отделкой, другие обустривают территорию: устанавливают бордюры вдоль размеченных дорожек. По плану они будут смешанные - асфальт плюс тротуарная плитка; прокладываются электрокабели для монтажа освещения. Завозится плодородная земля для озеленения территории. Будут высажены декоративные кустарники, сосны и туя, разбиты газоны и цветочные клумбы. Смонтирована система полива.

Коллектив участка ТОО «Global Construction» уверен, что столь важный для социальной инфраструктуры Бескольского сельского округа объект будет сдан в срок и с высоким качеством. Темпы работ лучшее тому подтверждение.

В. ВАСИН.

Охрана благородного оленя во время пантообразования

Красивый грациозный зверь, аристократ лесов, благородный олень (Марал) восхитителен в любое время года – летом, когда шерсть у него красновато-бурого оттенка, зимой – в серовато-бурой шубке.

Маралы – очень осторожные и пугливые животные. Увидеть их в чаще или столкнуться «лицом к лицу» практически невозможно. Марал задолго до встречи чувствует запах человека и сразу скрывается. Это инстинкт самосохранения, который выработался у оленей за сотни лет. Такая реакция помогает избежать опасности, исходящей от человека.

Благородный олень – парнокопытное млекопитающее, семейства оленей; имеет много подвидов, ранее считавшихся самостоятельными видами, и отличающихся строением и длиной тела, рогов, а также деталями окраски (европейский олень, марал, изюбрь, вапити, тугайный олень, кашмирский олень). Он входит в двадцатку самых быстрых животных мира, скорость оленя, убегающего от хищников, может достигать до 55 км в час. Рёв оленей можно слышать около месяца, он разносится очень далеко, за несколько километров.

Благородный олень распространен в Европе (исключая северо-восток), Азии (исключая север), умеренном поясе Северной Америки и в Северной Африке, акклиматизирован в Австралии, Новой Зеландии и Южной Америке. Благородный олень житель и «Жонгар – Алатауского» государственного национального парка Лепсинского филиала, обитающий на равнинных территориях, отличается оседлым образом жизни, но при этом, всегда формируют стада, в которые входит до десяти, а то и больше особей. Стадо может населять территорию с площадью до 400 гектаров. Олени, обитающие в горной местности, мигрируют, в зависимости от сезона, преодолевая при этом расстояния до 150 км. Горные представители

благородных оленей зимуют в малоснежных местах и перемещаются в эти районы медленно, на протяжении 2-х месяцев. По истечении зимы, где-то в мае месяце, когда в горах начинает активно таять снег, олени возвращаются в горы, на прежние места. Когда все снега растаяли и все расцветает, на прежних местах обитания большинство представителей вида сбрасывают рога. Происходит это каждый год в мае. На их месте сразу начинают развиваться новые наросты. Рога в процессе развития сначала состоят из хрящевой ткани. После этого основа обрастает плотными костями. Качество наростов полностью зависит от того, чем олень питается. Поэтому опасным врагом оленей, является человеческий охотник, убивающий этого удивительно зверя ради пантов, так как их кровь цена. Кровь марала называли «эликсиром жизни». В связи с этим в данный период усиленно охрана благородного оленя во время пантообразования. Государственные инспектора совместно с инженерским составом выезжают в рейды, ведут охрану и с правоохранительными органами, с целью недопущения охоты на этих животных. Охота запрещена и на другие виды животных. Задача сотрудников национального парка оберегать и быть защитниками животных, чтобы потомки знали, что благородный олень является украшением нашей родины.

Благородный олень издавна излюбленный объект охоты, поэтому в настоящее время в национальном парке охрана его занимает особое место.

Р. АБУЗЯРОВ,
государственный инспектор Лепсинского лесничества Лепсинского филиала РГУ «Жонгар – Алатауский» ГНПП.

«Залог здоровья – физкультура и спорт. Вновь заявляю, нужно создавать все условия для занятия массовым спортом, детским спортом. Акимам областей необходимо обеспечить поэтапное строительство спортивной инфраструктуры. Нужно воспитывать здоровую нацию, здоровое поколение». Это программное заявление Президента страны Касым – Жомарта Токаева зримо воплощается в Алакольском районе.



По словам руководителя районного отдела строительства, архитектуры и градостроительства Максата Жулкайнарова сегодня в районе, одновременно, ведется строительство сразу трех физкультурно – оздоровительных комплексов (ФОК). В ауле Булакты Бескольского сельского округа, на пограничной железнодорожной станции Достык и в селе Лепсинск. При чем ФОК в ауле Булакты распахнет свои двери уже в текущем месяце.

Ну, а первый универсальный физкультурно-оздоровительный комплекс единоборств и силовых видов спорта «Тарлан», в торжественной обстановке, был открыт ровно 5 лет назад, в 2018 году, в городе Ушарал. Замечательный подарок алакольцам преподнес наш земляк, известный меценат Сауат Мынбаев. В новом спорткомплексе площадью в 6000 кв. метров созданы все условия для занятий борьбой, боксом, дзюдо,

таэквондо, тяжелой атлетикой почти для 200 юных спортсменов.

По современному проекту строительство ФОК на 80 человек в ауле Булакты ведет ТОО «Global Construction» из южной столицы. Сумма инвестиций печатляет – 1 млрд. 82 млн. тенге. Но двухэтажное здание, общей площадью 2137 кв. метров, будет располагать универсальным спортивным залом на первом этаже, который позволит проводить тренировки и соревнования по таким видам игрового спорта, как волейбол и баскетбол. При необходимости можно установить и боксерский ринг. Предусмотрены места для зрителей: и в зале, и на опоясывающем его балконе. Здесь же располагаются кабинеты директора и тренеров, а также медицинский; четыре раздевалки для спортсменов, душевые, туалеты и другие подсобные помещения.

Второй этаж – это три спортивных зала. Для занятий бок-

Жауынгерлік борышты өтеу – жеңіспен тең



шарт қызметінде жалғастыруға немесе Шекара қызметінің Академиясына емтихансыз түсуге болады. Биыл көктемнен бастап Алақөл ауданының және көрші аудандарының жастары Алақөл ауданы бойынша шекара басқармасында өз қызметтерін атқарып жүр. Айта кету керек, жергілікті сарбаздардың қызметтері басқа облыстан келген сарбаздардан еш айырмашылығы жоқ. Әскери жарғыларға сәйкес, 24 сағат казармада өмір сүреді. Аудан тұрғыны екен деп, үйге барып-келіп қызмет ету деген жоқ. Әскери тәртіп бәріне ортақ.

Бүгінде өңір сарбаздары Отан алдындағы борышын осы өлкеде атқарып жүр. Атап айтқанда қатардағы Құдайберген Еділ, Айқазин Руслан, Алимғазы Ақжол, Әсербай Рыспек, Сапарбай Төленді, Кенжеғали Ерасыл, Баяхметов Диас, Уколов Максим, Жұман Бауыржан, Кажимханов Мурат, Похомов Олег, Сұлтанбеков Темірлан, Тезекбаев Ернұр, Мұхадес Санжар, Кабидалды Қуаныш, Чаринхан Жандос, Жүмекенов Мейрамбек секілді алақөлдік жауынгерлер Шекара басқармасының кәсіптік және техникалық дайындық бөлімінде шекара шеберлігі мен әскери өнердің қыр-сырын үйреніп, бір-екі аптада келесі жылдың көктеміне дейін шекара шебіне аттанады. Ал бірнеше жігіт қазіргі уақытта құжаттарын жи-

нап, күзде өз қызметтерін келісімшарт қызметі бойынша жалғастырады, себебі олардың орта-арнайы білімі бар. Барлығы өз мамандығына сәйкес қызметтерін жалғастыра алады. Жоғары және орта-арнайы білімі бар сарбаздар арнайы тексерістен өткеннен кейін келісімшарт қызметінде қызмет етуіне мүмкіндік бар. 170 мың теңге айлық, қо-

сымша 42 мың тг пәтерақы, жылына 45 тәулік демалыс, тегін жаздық, қыстық киім-кешекпен, заставада қызмет етсе тегін тамақ, жатар орын және толық әлеуметтік пакетпен қамтамасыз етіледі. Бір айта кететін жағдай, биылғы жылдың шілде айынан бастап келісімшарт қызметкерлерінің айлық төлемақыларына 50% қосылады.

Әскер қатарында болу – абыройлы іс. Туған жердің қалқаны болу азаматтың парызы. Бүгінде әскери қызметтегілердің жағдайы да жаман емес. Келісімшарт бойынша қызмет ететін азаматтар бүгінде мемлекет тарапынан жақсы қолдауға ие. Жалақылары өсіп, барлық жағдай жасалып келеді. Сондықтан Отан алдындағы борышын өтеуде жалтармай, тұрғылықты жер бойынша қызмет еткен абзал.

А.Т.ДАРИБАЕВ,
ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті Алақөл ауданы бойынша шекара басқармасы кәсіптік және техникалық дайындық бөлімі бастығының тәрбиелік және идеологиялық жұмыстар бойынша орынбасары, майор.

Ержүрек қолбасшы Бауыржан атамның «Жауынгерлік борышты өтеу – жеңіспен тең» деген қанатты сөзі талай жылдар өтсе де, әр уақытта өзекті болып қала бермек. Биыл шілде айында 18-27 жас аралығындағы жастар арасында «Күз-2023» шақырылымын Қазақстан Республикасының Қарулы Күштер қатарына шақыру науқаны жүріп жатыр. Енді Отан алдындағы борышын өтеу үшін әскер қатарына қосылғысы келетін азаматтар туған жерінде қала алады.

Алақөл ауданының жастары Отан алдындағы борышын Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі Алақөл ауданы бойынша шекара басқармасында мерзімді қызмет етуге ниет білдірсе, биыл шілде-тамыз айларында жергілікті Қорғаныс істер бөліміне (мекенжайы: Үшарал қ., Б.Момышұлы көш. 103, тел. 8-72833-21340) немесе Алақөл ауданы бойынша шекара басқармасына (мекенжайы: Үшарал қ. Дулепов көш.1, тел 8-72833-60035) хабарласуына болады.

Бүгінде әскерде қызмет ету мерзімі – бір жыл. Мерзімді қызмет аяқталғаннан кейін келісім

Дені сау елге керегі – бұқаралық спорт

«Тәні саудың – жаны сау» дейді қазақ. Дені сау ұрпақ мемлекеттің баға жетпес капиталы. Себебі ұрпақ денсаулығы мемлекет болашағына тікелей қатысты. Ел тізгінін ұстайтын азаматтардың болуы, ел мүддесіне қызмет ететіндердің саулығы ұлтымыздың өсіп-өркендеуіне сеп болады. Содан болар ұлт саулығы Президент Жолдауларында күн тәртібінен түскен емес. Салауатты өмір салтын ұстану, халықтың денсаулығы мықты болуы алдымен бұқаралық спорттың дамуына тікелей байланысты.

Ал бұқаралық спортты дамытумен кімдер айналысады? Осы орайда біз Алақөл ауданының бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу орталығының жұмыс барысымен, қызметі және атқарылған істері туралы сөз етпек ниеттеміз. Орталық бүгінде аудан көлеміндегі спорттық шаралар мен бұқаралық спортты дамыту, оның ішінде халыққа қол жетімді спорттық алаңдар, кешендер мен орталықтарды іске қосу, жарыстар ұйымдастыру тағына тағы шаруасы шаш еткен келетін біраз іске бел шеше кірісіп отырған ұйым. Бұл орталықтың атқаратын ісі көбіне кәсіби емес, жалпы халықтық, әуесқой спортпен байланысты болғандықтан, сыртқа оңай көруі де мүмкін. Бірақ арқалаған миссиясы, атқарған істің мәні тереңде жатқандықтан, бұлай деуге келмейтіні белгілі. Қалай десек те шығыс халықтар, оның ішінде біз де бармыз, тәмсілге, пәлсапаға терең бойлайтын ел ғой. Батыс елдері қапырық күнді ыстық десе, шығыс оны төрт жол өлең, екі жол мақал, бір сөйлем нақыл, үш жол хайкуға сыйдырып, соның ішінде өмірге азық болатындай мағына алып шығады. Сол секілді жапондардың «Самурайға мақсат емес, жүрген жолы маңызды» деген тәмсілі бар. Бұл сөз дәл осы бұқаралық спорттың айналасында жүрген азаматтарға арналған десек артық болмас. Себебі бұл жерде кәсіби спорттағыдай әлдебір нәтиже қуып, чемпион тәрбиелеу аса бір өмірлік мақсат болатындай нәрсе емес, маңыздысы спорттың дамуы және халықтың жаппай спортпен айналысуы, сол арқылы денсаулығы мықты болуы, жаман әдеттен алшақ жүруі, жоғарыда айтқанымыздай, «Дені саудың – жаны сау», дені сау азаматтардың жан саулығын сақтауы, адамзатқа ортақ құндылықтарға қиянат жасамауы. Яғни бұқаралық спорттың дамуына үлес қосып жүрген азаматтардың дені самурай десе болар.

Бүгінде Алақөл ауданының бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу орталығының атқарып жүрген

жұмыстары жетерлік. Өлкедегі спорттың беталысы жақсы, одан әрі дамуға да жағдай жасалып жатыр. Қазірдің өзінде ауданда толыққанды екі стадион бар. Үшарал қаласында бір қалалық және бір аудандық балалар және жасөспірімдер спорт мектебі, оған қоса «Тарлан» спорт кешені бар. Аймақтағы барлық дерлік саябақтарда бұқара халықтың спортпен айналысуы үшін жағдай жасалған. Әр саябаққа «Street Workout» жаттығуына арналған спорттық құралдар қойылған. 30 шақты қоршалған спорт алаңдары бар. Лепсі және Достық ауылдарында дене шынықтыру және сауықтыру кешендері салынып жатыр.



Бүгінде Алақөл ауданының бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу орталығы жоспарға сай жұмысын атқарып, биылдың өзінде бірқатар жарыстар ұйымдастырып, алда өтетін шараларға сақадай сай отыр. Осыған дейін ауылдық округ тұрғындары арасында шаңғы тебуден 14-17, 18-29, 30-44, 45-59, 60+ жас ерекшеліктері бойынша аудандық жарысқа іріктеу және облыстық жарысқа іріктеу турнирі, ауылдық округ және ауданның жасөспірім ұлдар арасында гір тасын көтеруден облыстық жарысқа іріктеу турнирі, Аудан, ауылдық округтер ардагерлері арасында гір тасын көтеруден облыстық жарысқа іріктеу турнирі, аудан, округ тұрғындары арасында қазақ күресінен «Жетісу бөрісі» облыстық турнирына іріктеу турнирі, ауылдық округ және ауданның жасөспірім ұлдар арасында шахматтан аудандық, қалалық жарысқа іріктеу турнирі, ауылдық округ және ауданның жасөспірім ұлдар арасын-

да дойбыдан іріктеу турнирі, ауылдық округ және ауданның жасөспірім ұлдар арасында тоғыз құмалақтан іріктеу турнирі өтіп, облыстық сайыстарда бақ сынауда. Бұл өз кезегінде ауылдық округтерден басталатын іріктеудің айқын мысалы десек болады. Сондай-ақ жыл соңына дейін жоспарланған іс-шаралар шаш еткен. Бәрін тізбектелесек те, арасынан ілу де біреуін айта кетейік, мәселен Ақши ауылында «Алақөл – 2023» облыстық кешенді жазғы спартакиадасы, сондай-ақ ауылдық округ және аудан жасөспірім ұлдар арасында «Тартыл ФЕСТ» облыстық турниріне іріктеу өтеді. Бұл атқарылып жатқан істің бір парасы ғана.

Жалпы бұқара айналысатын спорттық іс-шараларды ұйымдастырудың өз қиындығы да бар. Қиындық көбі қаржыға кеп тіреледі. Себебі жарыс ұйымдастыру арзан дүние емес. Ондағы музыкалық сүйемелдеу, безендіру, медальдар мен сыйлықтар, ақшалай жылде секілді қалтаның тереңдігін сынайтын нәрселер көп. Сондайда қазақтың атымтай жомарт дегені еске түседі. Бүгінде жиган тергенін басып жеуден іргені алшақ салмақ азаматтар көп. Бағзы қазақ атымтай жомарт дейді, қазір меценат дейміз. Бұл да бір берекелі іс қой. Кеңес дәуірі орнағанда баяғы қазақтың құндылығын аяққа таптау көп болды, түсінігін өшіру, барын жоқ қылу, мақтанын төмендету белең алды. Ол үлкен идеологияның бір бөлшегіне айналды. Оның бір мысалы, кезінде көк түркілер мен Еділ патшадан бері қазақтың сайын даласын мекендеген қағандардың бірі жанынан тастамайтын бақсыны сайқымазақ етіп көрсету, айтпақшы бұл қазір де бар. Сондай

бір коммунистердің соққысы байға да тиді. Бай деген кім еді? Бай өз өлкесін ұстап отырған, жетімін жылатпай, жесірін қаңғыртпаған адам еді, өз азаматтарын оқытқан, ауылына мұғалім әкелген, баршасына мал берген, нан берген азамат еді. Оны соқыр ету, шығайбай қылып көрсету де сол заманнан қалған нәубет. Қазір сол дүниеміз қайта оралып келе жатқандай. Спорттық іс-шаралардың өтуіне ат салысып, қолдан келгенін аямайтын азаматтар көбеюде. Ауданымыздың ғана емес, еліміздің спорт меценаттарының бірі, әлемдік деңгейдегі жарыстарға демеуші болып жүрген Бауыржан Оспанов өлкеміздегі жарыстарға атсалысып жүр. Одан бөлек

дардан ел арасында жарыстар ұйымдастырып тұрамыз. Одан кейін мерекелік спорттық іс-шаралар да өткізіп тұрамыз. Әр мезгілге байланысты жарыстардың түрлері де өзгереді. Қыста шаңғымен жүгіру, залда ойнайтын спорт түрлерінен сайыстар ұйымдастырылса, жазда футбол, жүгіру секілді жарыстар, тіпті көл маусымы ашылғанда жағажайдағы волейбол, футбол ойындарынан турнирлер ұйымдастырылады. Жалпы шараның өзі ер түрлі мерекелердің дәстүріне сай болады. Мысалы славян халықтарының масленица секілді мейрамдарында бөренеге өрмелеу секілді жарыстар, өзіміздің түркілік сипаттағы наурыз мейрамымызда қанға сінген дәстүр бойынша қазақ күресі, аударыспақ, теңге ілу, қошқар көтеру секілді жарыстар ұйымдастырылады. Бұл да жалпы ортақ бұқаралық сипаттағы спорт түрлері. Ауданымызда жалпы 24 округ бар, сол округтерде 26 спорт нұсқаушысы бар. Осы спорт нұсқаушылардың бәрі дерлік өз ауылдарында түрлі жарыстар өткізеді. Мысалы ауданда болған жарыстардың дені сол жақтан бастау алады. Мәселен биыл Қазақстан барысы жарысына іріктеу өтті. Сол іріктеу негізі ауылдан басталады. Ауыл бөрісі дейміз, содан кейін солардан іріктелген кіл мықтылар аудандық турнирде топ жарып, облысқа өтсек деп келеді, солай анау Астананың төріне шыққанша әр қадамын нық басып, кезеңдерді аттап өтеді. Жаңағы спорт нұсқаушылар сол ауылдық жерлердегі турнирлерді ұйымдастырып, халықтың қызығушылығын арттыруға, елді мекендегі спортшылардың жолын бастауға жұмыс істейді. Биыл, міне, ауданымыздан екі балуан облыстық турнирлерде жүлдегер атанып, республикалық Қазақстан барысы додасына жолдама алды. Бұл біздің тұрғындарымыз үшін қуаныш, ескелең ұрпаққа өнеге, үлгі деп ойлаймын. Бұларды көрген балалар ертең күреске барғысы келеді, спорт үйірмелеріне барады. Оның бәрі кәсіби спортшы болмаса да, спортпен айналысатын, спортты жанына жақын тартатын азамат болады. Жанкүйер болады, болашақ ұрпағына спорттың екенін үйретеді. Осындай қадамдар арқылы бұқаралық спорт дами-ды», - деді Алматы Садиев.

Бұқаралық спорт халық үшін маңызды әрі миссиясы асқақ сала. Еліміздің ертеңі, болашақ ұрпақтың денсаулығы осындай ауқымды іс-шараларға байланысты. Дені сау ұлт үшін қызмет етіп жүрген азаматтардың еңбегі жанып, ел үшін талмай қызмет етсе дейміз.

Абзал СҮЛЕЙМЕН.

Заккрытие акции Марш парков посвящено – Синей птице

Природоохранная акция «Марш парков» проводится государственными природными заповедниками, государственными национальными природными парками, государственными природными резерватами, государственными региональными природными парками ежегодно в период с 23 марта по 5 июня.

Целью «Марша парков» является привлечение внимания населения, общественности, органов государственной власти, средств массовой информации, предпринимателей к проблемам особо охраняемых природных территорий и оказания им реальной практической помощи, экологическое просвещение населения.

Задачи Марша парков:

- формирование положитель-

Мероприятие началось с праздничного шествия по центральной улице с участием местных жителей, активистов Лепсинского сельского округа, учащихся и учителей Лепсинской и спортивной школы с целью призыва бережного отношения к природе. Весело и энтузиазмом с песней «Атамекен» прошагали по главной улице с шарами разных цветов, флажками, где на входе дома культуры группа «Ой Жайлау» в лице Ковешникова Николая, Турганбаевой Асии и Мухаметшиной Флюры встретила с песней «Эх деревня» под сопровождение гармони.

В здании дома культуры была представлена выставка рукоделия «Табиғат – тал бесігім», творчество участников конкурса в данной номинации. Выставка

природоохранной акции, поблагодарив активных участников наградила грамотами активных участников, которые на протяжении всех акций были неравнодушными и внесли свой вклад в сохранение природы. После окончания праздничного митинга экологическая акция, была продолжена праздничным концертом и конкурсом между учащимися школы на тему «Птица года – Синяя птица». Конкурс был объявлен заранее, условием которого было – приветствие, музыкальный номер, сценический наряд, рукоделие. В программе также была предусмотрена викторина о птицах. После проведения всех этапов жюри для решения полного вердикта оценили творчество

Человеку, который любит свою работу, не страшны никакие трудности

Учитель – одна из важнейших профессий для цивилизованного общества. Именно она является первым примером для подражания. Педагог дает знания будущим поколениям, на его плечи ложится ответственность объяснить ученикам что хорошо, а что плохо, как поступать можно, а как недопустимо. Учитель отвечает за то, как дети будут воспринимать мир, и что они в него привнесут.

Наша страна хорошо понимает необходимость этого рода деятельности для образованности населения. Ведь из этого следует развитие и благополучие нашего народа. Поэтому, с 2009 года государственная программа «С дипломом в село» успешно реализуется и является актуальной. Учителя нужны как в крупных городах, так и в отдаленных селах Казахстана. Данная программа, как раз таки, направлена на укрепление кадров сельских школ. Оказывая социальную поддержку в виде подъемного пособия, бюджетного кредита для покупки или строительства жилья. Главное требование – отработать не менее трех лет в организации, расположенной в сельской местности.

Борангазинова Назерке Зекеновна родилась в селе Ж. Балапанова и с раннего детства мечтала быть учителем. Обучение детей всегда ей казалось благородным и полезным занятием.

Будущее каждого человека напрямую зависит от выбранного им пути. Свой путь Назерке Зекенқызы начала получив образование в Жетысуском университете имени И.Жансугурова, в г. Талдыкорган.

Сегодня она работает в Бескольском округе в СШ имени Д. Конаева учителем биологии. О программе «С дипломом в село» Назерке Зекенқызы узнала еще во время учебы в университете. После оконча-

ния подала заявку на участие, зарегистрировавшись на портале otbasybank.kz и подписала заявку с помощью ЭЦП, приложив все требующиеся документы и диплом.

Учитель – это человек, который готовит будущие рабочие кадры для нашей страны. Поэтому Назерке с большой ответственностью подходит к своей работе. Она рассказывает, как важно быть на одной волне с учениками. Стать разносторонней и современной, чтобы дети знали, как их понимают. Нужно уметь организовать детей, заставить их обратить на себя внимание.

«Человеку, который любит свою работу, не страшны никакие трудности» - считает Назерке Зекенқызы. Конечно, ее одолевают страхи по поводу того, насколько хорошо она выполняет свою работу, достаточно ли качественно она обучает детей, нравится ли она им, понимают ли они ее? Но эти переживания стимулируют нашу героиню совершенствоваться и развиваться.

Назерке Зекенқызы признается, что ей безумно нравится работать с учениками. Видя, как дети стараются, готовят домашние задания, отвечают на уроках, ее желание работать только растет.

Она творчески подходит к своей работе. В этом ей очень помогают наличие техники и интернета. Это эффективно помогает заинтересовать школьников, и сосредоточить их внимание на уроке и новых знаниях.

Назерке Зекенқызы хочет быть не просто учителем биологии, а человеком, к которому дети всегда могут обратиться за помощью, не боясь задавать вопросы. А она постарается помочь каждому.

Э. ВАЛИЕВА,
студентка 3 курса
Казахского национального
университета
им. аль - Фараби.



ного общественного мнения по отношению к ООПТ;

- достижение понимания обществом роли ООПТ в деле сохранения биологического разнообразия;

- повышение уровня экологической культуры населения, консолидация государственных и неправительственных организаций и широких масс общественности в деле сохранения биоразнообразия, сохранения и развития системы ООПТ;

- поиск спонсоров и привлечение средств, для финансовой поддержки ООПТ, организация и поощрение добровольной безвозмездной помощи ООПТ;

- организация экологического образования, воспитания и просвещения населения в разнообразных формах в рамках проведения массовой экологической акции.

На протяжении с марта по июнь ведётся активная работа с образовательными учреждениями по формированию экологической культуры. В период акции состав коллектива проводил различные мероприятия, для того, чтобы еще раз напомнить о значимости и важности природы.

25 мая 2023 года Лепсинский филиал РГУ «Жонгар – Алатауский» ГНПП на оптимистической ноте закрыл природоохранную акцию «Марш парков», которая на протяжении двух месяцев проводилась на территории национального парка.

также представила собой и сувениры, картины природы, изделия из дерева мастеров Лепсинского края, Лепсинского филиала «Жонгар – Алатауского» ГНПП. Были выявлены лучшие поделки занявшие призовые места. Целью рукодельного конкурса состояла в том чтобы поделки изготовить из бытовых отходов и в этом отметили следующих участников:

Гран при – Вишнякова Амилина, ученица 4 В класса

1 место – Абузярова Камила, ученица 7 «В» класса

1 место – Кутылева Милана, ученица 3 «В» класса

2 место – Атабарова Лейла, ученица 7 «В» класса

2 место – Атабаров Исмаил, ученик 5 «В» класса

3 место – Абдухаликов Алимжан, ученик 5 «В» класса

3 место – Тутукина Анастасия, ученица 5 «В» класса.

За участие – Атабарова Эльминура, ученица 3 «В» класса.

Участники были награждены грамотами и призами, спонсоры которых житель города Алматы Ихсанов Джалиль Исмаилович. Ежегодно этот человек выступает в роли инвестора, который не только поощряет детей, но и помогает в развитии национального парка.

Мероприятие продолжилось митингом, где с поздравительным словом выступил директор Лепсинского филиала Т.Бахтияров Поздравив всех присутствующих с окончанием приро-

классов. По достоинству и справедливо оценивали директор Лепсинского музея Г. Мереева научный сотрудник музея М.Хайбулин и экскурсовод музея Касымбаева Гульнур. Учащиеся с 5 по 8 классы были награждены в номинациях «За лучший костюм», «За лучший музыкальный номер», «За активность» и т.д. После озвучивания результатов команды были награждены денежными призами, спонсоры которых были Каражанов М, Джангарбаев А.

Отмечены были и те ребята, которые постарались в творчестве от класса. Были награждены призами за честь и активность класса следующие участники: Абдухаликова Жамия, Абдухаликова Жамиля, Самигулов Карим, Абузярова Зарина, Ярченко Карина, Искандиров Ильгиз.

Экологическая акция закончилась песней «Атамекен» в исполнении Турганбаевой Асии Зиадовны, Р. Варлакова, Ш. Гамаудиновой. По традиции было сделано общее фото всех участников. Количество участников составило 278 человек.

Р. ВИШНЯКОВА,
инженер
экологического
просвещения
Лепсинский филиал РГУ
«Жонгар – Алатауский»
ГНПП.



ала аласыз. Бұл ретте зиянды еңбек жағдайларында кемінде 5 жыл жұмыс өтілі бар адамдар мұндай аннуитетті 40 жастан

Шешім қабылдауда Қордан болашақта күтілетін зейнетақыны БЖЗҚ сайтындағы калькуляторда, сондай-ақ салыстыру

Зейнетақы төлемдеріңізді алу бойынша өз тәсіліңізді таңдаңыз

Қазақстандағы зейнетақымен қамсыздандыру жүйесі салымшыларға (алушыларға) зейнетақы капиталын жоспарлауға және еңбек қызметі аяқталғаннан кейін өзінің материалдық жағынан қамсыз болуына барған сайын көбірек мүмкіндіктер жасауда. Активтерді басқару саласында да бәсекелес орта қалыптастырылуда. Салымшылар енді түрлі инвестициялық стратегиялар арасынан таңдау жасай отырып, жинақтарын өздері қалаған инвестициялық портфельді басқарушыға (ИПБ) аударуға алады. Зейнетақы жинақтары жеткілікті болған жағдайда, оларды зейнеткерлік жасқа дейін тұрғын үй жағдайларын жақсартуға немесе емделуге пайдалануға болады. Ең көреген салымшылар (алушылар) өздерінің болашақ зейнетақыларын қалыптастыру кезінде жарналардың міндетті түрлеріне қосымша ерікті жарналарды да қосады.

Бүгінде БЖЗҚ салымшылары (алушылары) зейнетақымен қамсыздандырудың баламалы түрі - сақтандыру ұйымдары ұсынатын зейнетақы аннуитетінің арқасында түрлі төлемдерін таңдай алады. Зейнетақы аннуитеті – бұл БЖЗҚ салымшыларына, зейнетақы жинақтары жеткілікті болған жағдайда, «зейнетақыны» белгіленген мерзімнен бұрын алуға мүмкіндік беретін қаржылық сақтандыру құралы. Ол басқа кіріс көздері болмауы әбден мүмкін еңбек қызметі аяқталғаннан кейін БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы төлемдерімен қатар, зейнеткердің кез келген қажеттіліктерін төлеуге арналған.

Зейнетақы жинақтарының жеткіліктілігі сақтандыру ұйымымен жасалған зейнетақы аннуитеті шартының талаптарына сай айқындалады. Олармен зейнетақы жинақтарын аудару туралы шешім қабылдағанда мұқият танысуға кеңес береміз. Сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасасу кезінде салымшылардың зейнетақы жинақтары БЖЗҚ-дан таңдалған компанияға заңнамада белгіленген тәртіппен аударылады.

Зейнетақы аннуитеттерінің қолжетімділігін арттыру мақсатында 2023 жылғы ақпанда заңнамаға өзгерістер енгізілді. Оған сәйкес төлемдерді индекс-теу мөлшерлемесінің ең төменгі мөлшері 5%-дан 7%-ға дейін, ал кірістілік мөлшерлемесінің ең жоғары мөлшері 6%-дан 9%-ға дейін ұлғайды. Сондай-ақ жаңа өзгерістер шеңберінде мүгедектігі бар және зиянды және қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс істейтін адамдардың орташа өмір сүру ұзақтығы ескерілді.

Сонымен қатар «кейінге қалдырылған» зейнетақы аннуитетін 45 жастан бастап пайдалануға болады. Бірақ ол бойынша төлемдерді 55 жастан бастап

бастап алып, 50 жастан бастап төлемдермен қамтамасыз етіле бастайды.

2022 жылдан бастап зейнетақымен қамсыздандырудың тағы бір құралы – бірлескен (немесе отбасылық) аннуитет пайда болды. Ерлі-зайыптылар мен жақын туыстар үшін бірлескен зейнетақы аннуитеті – бұл ресми зейнеткерлікке шығуды күтпестен жинақтарын біріктіруге және өмір бойы төлемдер алуға мүмкіндік беретін сақтандыру өнімі. Мысалы егер бір жұбайында зейнетақы аннуитетін сатып алу үшін зейнетақы жинақтары жеткіліксіз болса, ал екіншісінде артық болса, ерлі-зайыптылар бірлескен аннуитетті пайдалана алады.

Айта кетейік, егер салымшы барлық зейнетақы жинақтарын БЖЗҚ-дан сақтандыру компаниясына аударса және болашақта БЖЗҚ-ға зейнетақы жарналары жүзеге асырылмайтын болса, онда зейнетақы жасына жеткен сәттен бастап Қордан төлемдер жүргізілмейді. БЖЗҚ-дағы шотында артық қаржысы бар қазақстандықтар болашақта сақтандырушыдан сақтандыру төлемін де, БЖЗҚ-дан зейнетақы да ала алады.

Аннуитет ерекшеліктері:

- зейнетақы төлемдерін ресми зейнет жасына толғанға дейін алу мүмкіндігі бар;
 - төлемдер өмірінің соңына дейін, тіпті олардың сомасы сақтандыру ұйымына аударылған жинақ мөлшерінен асып кеткен жағдайда да жүргізіледі;
 - жыл сайын зейнетақы мөлшері 7% пайызға индекс-теуіп отырады;
 - сақтандыру төлемдерін алушы зейнетақы аннуитетін сатып алу кезінде жинақтардың меншік құқығын сақтандыру компаниясына береді, яғни ол оларды баламалы қажеттіліктерге пайдалана алмайды, басқа елге тұрақты тұруға көшкен кезде алып тастай алмайды, ол қайтыс болған жағдайда жинақтарды туыстары мұра ете алмайды. Алайда, зейнетақы аннуитеті шарты шеңберінде зейнетақы төлемдерінің кепілдендірілген кезеңін көздеуге болады. Оның барысында белгілі бір төлемдер алдымен алушыға, ал ол қайтыс болған жағдайда мұрагерлерге аударылады. Осылайша, зейнетақы төлемдерін алушы өмірден озған жағдайда ай сайынғы төлемдер оның мұрагерлеріне кепілдік берілген мерзім аяқталғанға дейін жүзеге асырылады. Бұл жағдайда зейнетақы аннуитетін ресімдеу үшін ең төменгі сома көбірек болады.
 - төлем мөлшерлері нақты белгіленген және алдын-ала айқын болады.
- Зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына аудару туралы шешім қабылдамас бұрын, зейнетақы алудың БЖЗҚ мен зейнетақы аннуитеті арқылы алуға болатын екі әдісін де мұқият талдауға кеңес береміз.

үшін зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру ұйымынан ықтимал сақтандыру төлемін есептеу көмектесе алады.

2022 жылдың қараша айынан бастап отандастарымыз ақшаны сақтандыру компаниясынан БЖЗҚ-ға ішінара қайтаруға құқылы. Зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан тұлғалар ол жасалған күннен бастап кем дегенде екі жылдан кейін сақтандыру ұйымына Шарт талаптарын сақтандыру төлемдерінің мөлшерін азайту және ақшаны БЖЗҚ-ға қайтару бөлігінде өзгерту туралы өтінішпен жүгінуге құқылы. Бұл ретте сақтандыру ұйымында зейнетақы аннуитеті шартына өзгерістер енгізілген күні қолданыста болатын ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан 70%-дан төмен емес айлық сақтандыру төлемінің өмір бойы мөлшерін қамтамасыз ететін сома қалуға тиіс. Сақтандыру ұйымдары сақтанушы өтініш берген күннен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде қайтаруға жататын ақша сомасын БЖЗҚ-ға аударуға міндетті.

Егер жаңа статистика туралы айтатын болсақ, 2022 жылы сақтандыру ұйымдарына БЖЗҚ-дан 25,99 млрд теңге аударылды, салымшылар (алушылар) саны – 2 985. Бұл ретте сатып алу сомасын, яғни сақтандыру компаниясы шартты мерзімінен бұрын бұзған кезде қайтаратын жинақтардың бір бөлігін қайтару бойынша 3,37 млрд теңге 493 салымшыға тиесілі болды.

2023 жылдың басынан бастап 2023 жылдың 1 мамырындағы жағдай бойынша зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымдарына аудару сомасы шамамен 5,96 млрд теңгені құрады. Сатып алу сомасын қайтару бойынша 3,43 млрд теңге берілді.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсын-ыстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы.



Халыққа рух беретін рәміздер

Әйтеке бидің: «Өмірім – халықтікі, өлімім ғана өзімдікі» деген сөзі бар. Елге, халыққа, мемлекетке қызмет етудің не екенін ақылман бабамыз осы бір-ақ ауыз сөздің ішіне сыйғыза білген. Ал мемлекет құру үшін оның аумағы және заңдарымен қоса, оның мемлекеттік рәміздері болуы тиіс. Туған елін, оның аумағын, заңдарын, мемлекеттік рәміздерін құрметтеу және қорғау – әрбір азаматтың парызы.

Қазақ елінің қасиетті нышандарында халқымыздың мың жылдық мақсат-мүддесі тоғысып жатыр.

«Қасиетті нышандарымызда қазақтың мың жылдық арман-тілегі, мақсат-мұраты түгел тоғысқан. Ту – халқымыз үшін қашанда ерлік пен елдіктің символы саналған. Көк түріктер заманында бабаларымыз бөрілі байрақтың төңірегіне топтасты. Қазақ хандығының туы бүкіл ұлтты ұйыстырды, ел бірлігін бекемдеді. Ал өткен ғасырда арыстарымыз «Алаш туы астында, Күн сөнгенше сөнбейміз!» деп халыққа жігер берді. Көне дәуірден мирас болған осы дәстүр ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, бүгінгі күнге жетті. Қазақ елінің көгінде Ұлы даланың айбынын асырған Тәуелсіздік туы желбіреді. Көк байрағымыз – мызғымас мемлекеттіліктің белгісі. Елтаңбамыз – азаттықтың айшықты көрінісі. Ал Әнұранымыз – еркіндік пен елдіктің үні. Тәуелсіздіктің осы үш символы халқымызға ерекше рух береді. Әрқайсымыздың кеудемізге мақтаныш ұялатады. Өйткені бұл – бабаларымыздың орындалған арманы», деген болатын президент Қ.Тоқаев.

Мемлекеттік рәміздерді қолдануға қатысты негізгі ережелерді еліміздің әрбір азаматы білуге тиіс. Біріншіден, кез келген адам Мемлекеттік туды өзінің тұрғын үйінің төбесіне және балконына өз патриоттық сезімін білдіру мақсатында ілуіне рұқсат. Өйткені «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын, Мемлекеттік Елтаңбасын және олардың бейнелерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Гимнінің мәтінін пайдалану қағидалары» 2-тарауының 4-тармағында: «Жеке және заңды тұлғалар

патриоттық сезімін, қазақстандық бірегейлікті білдіру, елдің және оның азаматтарының жетістіктерін қолдау мақсатында ғимараттарда, оның ішінде балкондарда және салтанатты іс-шаралар өткізілетін орындарда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын пайдалануы мүмкін» деп анық жазылған.

Екіншіден, Мемлекетті туды жеке азаматтар өзінің автокөліктерінде алып жүруіне немесе кішкене жалаушаларды тағып жүруіне болады. Ал Елтаңбаны жеке үйде, автокөлікте пайдалануға тыйым салынады. Ең бастысы, мемлекеттің басты құндылықтары – Отанымыздың айшығы болғандықтан әрбір азамат рәміздерді пайдаланар кезінде оның ережелерінің қатаң сақталуын қадағалауға тиіс.

Тағы бір айта кетер жайт. 2018 жылы мемлекеттік рәміздер туралы ұлттық стандартқа Елтаңбадағы еліміздің атын латын графикасымен «Qazaqstan» деп жазуға қатысты өзгеріс енгізілген болатын. Бұдан былай кириллицамен жазылған Елтаңбаны пайдалануға болмайды.

Мемлекеттік туды және басқа рәміздерді қорлаған жағдайда «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодекс талаптары бойынша жауапкершілік көзделгенін айта кету керек. Нақтырақ айтсақ, оларды заңсыз қолданғаны үшін 200 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады. Ал егер азамат ашық қорлайтын болса, 1 жылға дейін бас бостандығынан айырылады.

Е.ЕСЕНБЕКОВА,
Ұшарал қазақ гимназиясының ұстазы.

Алақөл ауданы әкімінің тұрғындармен тұрақты кездесулерінің КЕСТЕСІ

Алақөл	шілде							тамыз					
	11.07 сейсенбі	12.07 сәрсенбі	13.07 бейсенбі	14.07 жұма	18.07 сейсенбі	19.07 сәрсенбі	20.07 бейсенбі	21.07 жұма	25.07 сейсенбі	28.07 сәрсенбі	27.07 бейсенбі	28.07 жұма	08.08 сейсенбі
Үшбулақ а/о Үшбулақ а. мәдениет үйінің залы сағ. 10.00 Азаматтарды қабылдау 11.00 Тоқжайлау а/о Тоқжайлау а. мәдениет үйінің залы сағ. 14.30 Азаматтарды қабылдау 15.30	Еңбекші а/о Еңбекші а. мәдениет үйінің залы сағ. 10.00 Азаматтарды қабылдау 11.00 Архарлы а/о Архарлы а. мәдениет үйінің залы, сағ. 14.30 Азаматтарды қабылдау 15.30	Қабанбай а/о Қабанбай а. округ әкімі аппаратының мәжіліс залы сағ. 10.00 Азаматтарды қабылдау 11.00 Көлбай а/о Көлбай а. округ әкімі аппаратының мәжіліс залы сағ. 15.00 Азаматтарды қабылдау 16.00	Теректі а/о Теректі а. Теректі ОМ мәжіліс залы сағ. 10.00 Азаматтарды қабылдау 11.00 Сапақ а/о Сапақ а. Сапақ ОМ мәжіліс залы, сағ. 14.30 Азаматтарды қабылдау 15.30	Үшарал қ/о Үшарал қ. қала әкімі аппаратының мәжіліс залы сағ. 10.00 Азаматтарды қабылдау 11.30	Ынталы а/о Ынталы а. ауылдық клуб залы сағ. 10.00 Азаматтарды қабылдау 11.00 Ақтүбек а/о Ақтүбек а. мәдениет үйінің залы сағ. 14.30 Азаматтарды қабылдау 15.30	Жайпақ а/о Жайпақ а. М.Төлебаев ОМ мәжіліс залы сағ. 10.00 Азаматтарды қабылдау 11.00 Ырғайты а/о Кектума а. мәдениет үйінің залы сағ. 14.30 Азаматтарды қабылдау 15.30	Жанама а/о Жанама а. Жанама ОМ мәжіліс залы сағ. 10.00 Азаматтарды қабылдау 11.00 Қызылаң а/о Ж.Балапанов а. Округ әкімінің мәжіліс залы сағ. 14.30 Азаматтарды қабылдау 15.30	Ақжар а/о Ақжар а. Ақжар ОМ мәжіліс залы сағ. 10.00 Азаматтарды қабылдау 11.00 Екпінді а/о Екпінді а. М.Әубәкіров ОМ мәжіліс залы сағ. 14.30 Азаматтарды қабылдау 15.30	Бескөл а/о Бескөл а. мәдениет үйінің залы сағ. 10.00 Азаматтарды қабылдау 11.00 Жағатал а/о Қазақстан а. Қабанбай батыр ат. ОМ мәжіліс залы сағ. 14.30 Азаматтарды қабылдау 15.30	Лепсі а/о Лепсі а. мәдениет үйінің залы сағ. 10.00 Азаматтарды қабылдау 11.00 Жыланды а/о Жыланды а. мәдениет үйінің залы сағ. 14.30 Азаматтарды қабылдау 15.30	Қайнар а/о Қайнар а. Қайнар ОМ мәжіліс залы сағ. 10.00 Азаматтарды қабылдау 11.00 Қамысқала а/о Қамысқала а. Алақөл ОМ мәжіліс залы сағ. 14.30 Азаматтарды қабылдау 15.30	Достық а/о Достық а. Достық ОМ мәжіліс залы сағ. 10.00 Азаматтарды қабылдау 11.00	

ГРАФИК регулярных встреч акима Алакольского района с населением

Алаколь	апрель							май					
	11.074 вторник	12.07 среда	13.07 четверг	14.07 пятница	18.07 вторник	19.07 среда	20.07 четверг	21.07 пятница	25.07 вторник	26.07 среда	27.07 четверг	28.07 пятница	08.08 вторник
Үшбулақ а/о с. Үшбулақ, зал ДК, 10.00 ч прием граждан 11.00 ч. Тоқжайлау а/о с. Тоқжайлау, зал ДК, 14.30 ч. прием граждан 15.30 ч.	Еңбекші а/о с. Еңбекші, зал ДК, 10.00 ч. прием граждан 11.00 ч. Архарлы а/о с. Архарлы, зал ДК, 14.30 ч. прием граждан 15.30 ч.	Қабанбай а/о с. Кабанбай, зал заседания аппарата акима округа, 10.00 ч. Кольбай а/о с. Кольбай, зал заседания аппарата акима округа, 15.00 ч. прием граждан 16.00 ч.	Теректинский а/о с. Теректи, зал Теректинской СШ, 10.00 ч. прием граждан 11.00 ч. Сапақ а/о с. Сапақ, зал Сапақской СШ, 14.30 ч. прием граждан 15.30 ч.	Үшарал а/о г. Үшарал, зал заседания аппарата акима г/о округа, 10.00 ч. прием граждан 11.30 ч.	Ынталы а/о с. Ынталы, зал сельского клуба, 10.00 ч. прием граждан 11.00 ч. Ақтүбек а/о с. Ақтүбек, зал ДК, 14.30 ч. прием граждан 15.30 ч.	Жайпақ а/о с. Жайпақ, актовый зал СШ им. М. Төлебаева, 10.00 ч. прием граждан 11.00 ч. Ырғайтын а/о с. Кектума, зал ДК 14.30 ч. прием граждан 15.30 ч.	Жанаминский а/о с. Жанама, актовый зал Жанаминской СШ, 10.00 ч. прием граждан 11.00 ч. Қызылаң а/о с. Ж.Балапанов, зал заседания акимата, 14.30 ч. прием граждан 15.30 ч.	Аюкарский а/о с. Аюкар, актовый зал Аюкарской СШ, 10.00 ч. прием граждан 11.00 ч. Екпінді а/о с. Екпінді, актовый зал СШ им. М. Аубакирова, 14.30 ч. прием граждан 15.30 ч.	Бескөл а/о с. Бескөл, зал ДК, 10.00 ч. прием граждан 11.00 ч. Жағатал а/о с. Қазақстан, актовый зал СШ им. Кабанбай батыра, 14.30 ч. прием граждан 15.30 ч.	Лепсинский а/о с. Лепси, зал ДК, 10.00 ч. прием граждан 11.00 ч. Жыланды а/о с. Жыланды, зал ДК, 14.30 ч. прием граждан 15.30 ч.	Қайнар а/о с. Қайнар, актовый зал Кайнарской СШ, 10.00 ч. прием граждан 11.00 ч. Қамысқала а/о с. Қамысқала, актовый зал Алакольской СШ, 14.30 ч. прием граждан 15.30 ч.	Достық а/о с. Достық, актовый зал Достықской СШ, 10.00 ч. прием граждан 11.00 ч.	

Тоқты және Лепсі мемлекеттік табиғи қаумалдары

Лепсі мемлекеттік табиғи қаумалында өсімдіктердің 60 түрі, жануарлардың 52 түрі кездессе, солардың ішінде өсімдіктердің 6 түрі (Сиверс алмасы, Алтын тамыр, Марал тамыры, Ақшыл секпіл гүл, Островский қызғалдағы, Колпаковский қызғалдағы), сүтқоректілердің 7 түрі (Арқар, Тянь-Шань қоңыр аюы, Түркістан сілеусіні, Қар барысы, Сабаншы, Қызыл қасқыр, Тас сусары), құстардың 7 түрі (Қара ләйлек, Бүркіт, Сақалтай (қозы құмай), Дала қыраны, Бақалтақ қыран, Үкі, Құзғын (стервятник)) сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлерге жатады.

Тоқты мемлекеттік табиғи қаумалы аумағында өсімдіктердің 130 түрі, жануарлардың 80 түрі кездессе солардың ішінде өсімдіктердің 6 түрі (Островский қызғалдағы, Колпаковский қызғалдағы, Алтын тамыр, Марал тамыры, Ақшыл секпіл гүл, Сиверс алмасы), сүтқоректілердің 6 түрі (Арқар, Тянь-Шань қоңыр аюы, Түркістан сілеусіні, Барыс, Сабаншы, Тас сусары) құстардың 7 түрі (Қара ләйлек, Бүркіт, Құзғын (стервятник), Сақалтай (қозы құмай), Дала қыраны, Бақалтақ қыран, Үкі) сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлерге жатады.

Қазақстан Республикасының «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Занының 69 бабының 1 тармағының 2 тармақшасына сәйкес зоологиялық мемлекеттік табиғи қаумалдарда уәкілетті органның келісімімен жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану

саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның рұқсаты бойынша ғылыми-зерттеу, өсімін молайту және мелиорациялық мақсаттарда алып қою жағдайларын қоспағанда, жануарлардың қырылуын туғызған немесе туғызуы мүмкін басқа да әрекеттермен бірдей дәрежеде аң аулауға, кез келген тәсілдермен және құралдармен, балықтарды қоспағанда, жануарларды аулауға, өсімдіктер мен жануарлардың бөтен түрлерін интродукциялауға ұяларды, індерді, апандарды және басқада мекендеу орындарын бүлдіруге, жұмыртқа жинауға тиым салынады.

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің 2017 жылғы 23 карашадағы №17 1/301 бұйрығымен Тоқты және Лепсі мемлекеттік табиғи қаумалдары «Жоңғар Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» республикалық мемлекеттік мекемесіне күзет қызметін жүргізу мақсатында бекітіліп берілді. Осыған байланысты мекеме құрылымына 2017 жылдың аяғында Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің келісімімен өзгерістер енгізіліп жаңадан Тоқты және Лепсі мемлекеттік табиғи қаумалдарды қорғау бөлімі ашылды. Мемлекеттік табиғи қаумалдарды қорғау бөлімінің ережесі, жылдық жұмыс жоспары, құқық қорғау органдарымен және Алақөл, Үйгентас орман шаруашылығы мекемелерімен әрекеттестік іс-шаралар жоспары жасалып, аталған қаумалдарды қасақылықтан қорғау жұмыстары қызу қолға алынды. Табиғи

қаумалдарға апаратын автомобиль жолдарының бойына 21 ақпараттық паннолар (аншлагтар) қойылып, шекаралары арнайы белгілермен нақтыланды. Қаумалдардың жалпы аумағы 8 учаскеге бөлініп, әр учаске 1 мемлекеттік инспекторға бекітіліп беріледі. Инспекторлар қызмет атқару кезінде қажет құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуде. Күзет қызметі жорықтық әдіспен атқарылуда.

Қаумалдарды қорғау бөлімі инспекторларына жануарлар дүниесінің биологиялық әр алуандығын сақтау, қасақылыққа қарсы күрес жұмыстарын ұйымдастыру, жануарлар дүниесі объектілерін есепке ала отырып олардың өсімін сақтау және молайту үшін қажетті учаскеде биотехниялық іс-шараларды ұйымдастыру, жабай аңдардың маусымдық өріс аудару жолдарын және шоғырланған жерлерін сақтау, қаумалдар аумағындағы жер учаскелерінің меншік иелерінің немесе жер пайдаланушылардың табиғат қорғау саласындағы заңнамаларды орындауларын бақылау, заңсыз іс-қимылдардың жолын кесу, бұқаралық ақпараттық құралдар, аншлагтар, паннолар басқада арнайы құралдар арқылы насихаттық түсіндірме жұмыстарын жүргізу , бөлім жұмысы бойынша тоқсандық жылдық есептерді белгіленген уақытта дайындап, мекеме басқармасына жинақтап өткізу сияқты міндеттер жүктелген. Күні бүгінге дейін міндеттемелер жоспарға сәйкес орындалып келеді. Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті өз алдына жеке министрлік болғалы бері, техника жанар жағар май, басқа да жабдықтау мәселелері оңтайлы шешімін тауып отыр.

М.ЖАНБАЕВ,
«Жоңғар Алатауы МҰТП» РММ-нің мемлекеттік-табиғи қаумалдарды қорғау бөлімінің басшысы.

Байқау бастама алды

ҚР ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ «ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ. БІРТҰТАС ҰЛТ. БЕРЕКЕЛІ ҚОҒАМ» АТТЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫН КЕҢІНЕН НАСИХАТТАУ МАҚСАТЫНДА «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПАТРИОТТЫҚ БАЙҚАУЫНЫҢ ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕСІ

«Bilim-orkenietі» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы және «Жаңа Қазақстан» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен өтетін «ҚР ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ» атты республикалық патриоттық байқауына барлық сала өкілдерін қатысуға шақырамыз!

Іс-шараның мақсаты: Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ. БІРТҰТАС ҰЛТ. БЕРЕКЕЛІ ҚОҒАМ» атты Қазақстан халқына жолдауын кеңінен насихаттау. Тәуелсіздіктің қастерлі де, киелі ұғым екендігін, тәуелсіздіктің баянды болуы үшін ұлттық бірегейлік пен бірліктің маңыздылығын қоғамға дөріптеу. Тәуелсіздік жылдары өз мамандығының хас шебері атанып, еліміздің дамуына үлес қосып жүрген азаматтарды қоғамда кеңінен насихаттау, жастарға үлгі ету.

Республикалық байқау қатысушылары:

Қазақстан Республикасының еңбек нарығында кемі 15-20 жыл еңбек өтілі бар, ұжымында белсенді, абыройлы, өзінің парасаттылығымен жас буынға үлгі енеге көрсетіп жүрген тұлғалар.

Байқаудың шарттары:

Байқау екі кезеңнен тұрады. Бірінші кезең бойынша қатысушы өзі жайлы жазылған 2 беттен артық емес өмірбаянын (14 келг, Times New Roman, 3-ші жақта жазылған) жолдауы қажет, сондай-ақ өмірбаяндағы жеткен жетістіктерін растайтын құжат көшірмелері (мыс.: алынған

алғыс хат, сертификат, куәлік және т.б.) қоса тіркелуі тиіс.

Өмірбаянмен бірге энциклопедияға жариялау үшін сапалы фото-суреттер барлығы бір электронды папкада жинақталуы қажет. Құжаттар elorda_01@mail.ru электронды почтасына 2023 жылдың шілде айының 30-на дейін қабылданады.

Байқау жеңімпаздары «Жаңа Қазақстан» Республикалық қоғамдық бірлестігінің атынан:

- «ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ» ордені,
- «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ» энциклопедиясы
- Куәлік
- Құрмет грамотасымен марапатталады.

Байқаудың марапаттау рәсімі Астана қаласы, Министрліктер үйінде конференция түрінде өтеді. Кітап таныстырылымына барлық энциклопедияға енгізілген тұлғалар шақырылады. Қорытынды конференция бағдарламасы іріктеліп алынған қатысушыларға жіберіледі. Қорытынды конференция барысында елімізге белгілі тұлғалардың қолынан энциклопедия мен төсбелгі табыс етіледі.

Ұйымдастыру алқасының сайты: <https://bilim-ork.kz/> Электронды почта: elorda_01@mail.ru Инстаграм паракшасы: @bilim_orkeniety

Ұйымдастыру алқасы: 8702-383-41-56, 8778-742-74-40, 8-71-72-44-34-50

<p>Меншік иесі: «Алақөл айнасы» ЖШС-і. Құрылтайшы: Ғалым АЗАТҰЛЫ Директор - Ғалым Азатұлы Бас редактор - Алмат ЕСЕНБЕКОВ.</p>	<p>Телефондар: Директор: 3-52-63 Бас редактор: 3-52-68 Бас редактордың орынбасары: 3-51-74 E-mail: alakred@mail.ru Сайт: alakol-aynasy.kz</p>	<p>Газет аптасына бір рет сенбі күні қазақ және орыс тілдерінде шығады Газета выходит один раз в неделю в субботу на казахском и русском языках</p>	<p>Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде 2021 жылғы 24 желтоқсанда тіркеліп, №КЗ34VPY00044522 куәлігі берілген.</p>	<p>Үшарал қаласы, Жеңіс көшесі, 129. ИНДЕКС: 040200. Осы шығарылымның таралымы 3622</p>
<p>Газет «Алақөл баспагері» жеке кәсіпкерлігінде басылады. Инд.: 040200. Үшарал қаласы, Жеңіс көшесі, 129. Тел.: 3-52-84.</p>				